

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 шілдеде № 11716 болып тіркелді.

- [Мәтін](#)
- [Ресми жарияланым](#)
- [Ақпарат](#)
- [Өзгерістер тарихы](#)
- [Сілтемелер](#)
- [Көшіру](#)
- [Басқа](#)

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 24.11.2022 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының [5-бабының](#) 12-1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының [12-бабы](#) 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 11.03.2016 № 194 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беретін білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың [тізбесі](#) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 24.11.2022 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С. Нюсупов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң ресми жариялады;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә.Ә. Исекешев

2015 жылғы 2 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушы

_____ М.Ә. Құсайынов

2015 жылғы 30 маусым

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 24.11.2022 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Р/с № | Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары | Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар |
|---|---|--|
| 1. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру бағдарламалары | | |
| 1. | <p>Білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының мазмұны "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) (бұдан әрі – №2 бұйрық) сәйкестігі. "Педагогикалық ғылымдар" кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрықпен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – №348 бұйрық) Орта білім берудің (бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып және</p> | <p>№ 2 және (немесе) № ҚР Денсаулық сақтау және еңбек сіңіргендерін қорғау және әлеуметтік қорғау бұйрықтарға сәйкес бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес оқу бағдарламаларының толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелері.</p> |

білім беру саласындағы салалық біліктілік шеңберін, "Педагог" кәсіптік стандартын ескере отырып әзірленген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.

"Құқық" кадрларын даярлау бағыты бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген кемінде үш білім беру бағдарламасының болуы және олардың № 2 бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын сәйкестігі. "Денсаулық сақтау" кадрлар даярлау бағыты бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 [бұйрығына](#) сәйкестігі (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-63 бұйрық) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28716 болып тіркелген).

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында (бұдан әрі - ЖЖОКБВҰ) медициналық мамандықтар бойынша іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары үшін интеграцияланған және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру бағдарламаларын (резидентура, докторантура) іске асыру.

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне,

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін білім беру бағдарламасының № 2 бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын сәйкестігі.

2. "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17565 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 569 бұйрық) бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары жіктеуішінің кемінде 7 бағыты бойынша "Педагогикалық ғылымдар" бакалавриат кадрларын даярлау бағыты бойынша лицензияның болуы (мәдениет және спорт саласындағы білім беру ұйымдарын, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қоспағанда) немесе бітірушілердің Ұлттық біліктілік тестін "Педагогикалық ғылымдар" даярлау бағыттарының білім беру бағдарламаларын бітірген жылы орташа республикалық көрсеткіштен төмен емес нәтижелермен.

3. Білім беру бағдарламаларының пәндеріне сәйкес оқытушылардың болуы, оқытушылар білімінің оқытатын пәндер бейініне және/немесе "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесіне немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесіне немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесіне және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағының (бар болған жағдайда) оқытатын пәндер бейініне сәйкестігі. Кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын оқытушылардың үлесі - кемінде 60 %; "Өнер және гуманитарлық ғылымдар" кадрларды даярлау бағыты бойынша - кемінде 50 %; азаматтық авиация саласында білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін - кемінде 40 %. "Бизнес және басқару" (есеп және аудит, қаржы саласындағы білім беру бағдарламалары үшін), "Қызмет көрсету саласы", "Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)", "Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар", "Журналистика және ақпарат" кадрларды даярлау бағыттары үшін, сондай - ақ азаматтық авиация саласында білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін - кемінде 40 %; "Құқық" кадрларды даярлау бағыты бойынша - кемінде 70 %-ын құруы. Негізгі жұмыс орны бойынша оқытылатын пәндер бейіні бойынша практикалық кәсіптік қызметпен айналысатын, кадрларды

Педагог және оқытушы кадрларын жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарға сәйкес қосымшаға сәйкес нысан бойынша)

| | | |
|----|---|---|
| | <p>даярлау бағыты бойынша кемінде соңғы 10 жылда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар қоса атқаратын оқытушылардың үлесі кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытушылардың үлесі жалпы санынан кемінде - 20 %.</p> | |
| 4. | <p>"Сәулет және құрылыс" кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша бейінді пәндер оқытушыларының жалпы санынан оқытылатын пәндер бойынша өндірісте кемінде 5 жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар бейіндік пәндер оқытушыларының үлесі - кемінде 50 %;</p> <p>"Денсаулық сақтау" кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында клиникалық жұмыс және (немесе) санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарында, фармацевтикалық ұйымдарда практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл болатын бейінді пәндер оқытушыларының кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша бейінді пәндер оқытушыларының жалпы санынан - кемінде 50 % үлесін құру.</p> <p>"Құқық" кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндер бойынша әділет, және (немесе) ішкі істер (полиция) органдарында, және (немесе) прокуратурада, және (немесе) адвокаттар алқасында, және (немесе) нотариалдық палаталарда, және (немесе) заң кеңесшілері палаталарында кемінде 5 жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар бейінді пәндер оқытушыларының кадрларды даярлау бағыты бойынша бейінді пәндер оқытушыларының жалпы санынан үлесі кемінде - 60 %.</p> | <p>Педагог және оқытушы кадрларды жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарға қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p> |

5. Кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы бар оқытушылардың үлесі және/немесе кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылардың жалпы санынан "Еңбек сіңірген жаттықтырушы" спорттық атағына ие оқытушылар - кемінде 40 %; кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, "магистр" дәрежесі бар оқытушылардың үлесі - кемінде 60 %; "Педагогикалық ғылымдар" кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылардың жалпы санының кемінде - 50 %; "Құқық" кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылардың жалпы санынан - кемінде 50 %; "Өнер және гуманитарлық ғылымдар" кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе

Педагог және оқытушы кадрларын жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына сәйкес қосымшаға сәйкес нысан бойынша)

"бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы бар оқытушылардың үлесі және/немесе кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан Қазақстан Республикасының құрметті атақтарымен және мемлекеттік наградаларымен марапатталған оқытушылар – кемінде 40 %, кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, "магистр" дәрежесі бар оқытушылардың үлесі – кемінде 60 %; "Денсаулық сақтау" кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы бар оқытушылардың үлесі кемінде – 40 %; кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан "магистр" дәрежесі бар оқытушылардың және/немесе резидентураны бітірген, базалық және бейінді пәндер және (немесе) лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын дәрігердің жоғары/бірінші біліктілік санаты бар және (немесе) соңғы 10 жылда кемінде 5 жыл клиникалық жұмыс тәжірибесі бар оқытушылардың кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы

санынан үлесі 60 %-дан аспауы;
"Бизнес және басқару" (есеп және аудит, қаржы саласындағы білім беру бағдарламалары үшін), "Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)", "Көлік қызметтері" кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын, "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша дәрежесі және/немесе қауымдастырылған профессор (доцент)", немесе "профессор" ғылыми атағы бар оқытушылардың үлесі кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан – кемінде 40 %;

"Қызмет көрсету саласы", "Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар", "Журналистика және ақпарат" кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын, "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежелері немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежелері немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежелері және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы бар оқытушылардың үлесі кадрларды даярлау бағытының жалпы білім беретін пәндері бойынша оқытушылардың жалпы санынан кемінде – 30 %;

азаматтық авиация саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін – кемінде 40 %.

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін: оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы бар және/немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес кемінде 3 жыл педагогикалық өтілі бар оқытушылардың үлесі кемінде – 40 %.

Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын "педагогикалық ғылымдар" кадрларын даярлау бағыты бойынша орта және мектепке дейін білім беру ұйымдарының базасында ғылыми зерттеулер жүргізетін оқытушылардың үлесі – кемінде 10%.

6. Оқу және ғылыми әдебиет кітапхана қорының болуы: соңғы он жыл ішінде кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламасы пәндерінің 100 %-ын қамтамасыз ететін, оның ішінде оқыту тілі бойынша басып шығарылған баспа және

Оқу және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарға қосымшаға сәйкес нысан б.

Цифрлық тасымалдағыштар

| | | |
|----|--|--|
| | <p>электрондық басылымдар форматында болуы; "Денсаулық сақтау" бағыты бойынша дәлелді медицина бойынша халықаралық дерекқорларға институционалдық жазылудың болуы.</p> <p>Оның ішінде "Өнер" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін "Мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 77 <u>бұйрығына</u> сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10921 болып тіркелген) шығару мерзімі шектеусіз ноталық әдебиеттің болуы.</p> | <p>және ғылыми әдебиеттер болуы туралы мәліметтер біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес нысан болуы.</p> |
| 7. | <p>ЖЖОКББҰ оқу корпустарының жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Медициналық қызметке лицензияның болуы. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарында – білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсетудің болуы.</p> | <p>Медициналық пункттермен қамтамасыз етілгені және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес нысан болуы. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған кешірімесі.</p> |
| 8. | <p>ЖЖОКББҰ оқу корпустарында білім алушылардың тамақтануына жағдай жасау. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне,</p> | <p>Санитариялық ережелерге тамақтандыру объектісінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттық саласындағы уәкілетті органдардың тамақтану объектісіне қорытындысы болуы туралы мәліметтер.</p> |

| | | |
|-----------|--|--|
| | <p>Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары білім алушылары үшін тамақтандыру объектісінің болуы.</p> | <p>мәліметтер (осы білікті талаптарына 4-қосымшаға нысан бойынша).</p> |
| <p>9.</p> | <p>Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін қажетті материалдық активтер: өрт-күзет жабдығы бар (ЖЖОКББҰ өрт қауіпсіздігі жабдығының жұмыс жасауын қамтамасыз ететін ұйымдармен келісім-шарттың болуы) мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік ұйымдардың қатысуымен білім беру ұйымдары үшін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі кемінде 5 % ғимараттар (оқу үй-жайлары); білім беру ұйымдарының жайларында және (немесе) іргелес аумақтарда бейнебақылауды қамтамасыз ету. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 24-бабына (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органы берген эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны (оларды пайдалану) туралы хабарламаның болуы.</p> <p>"Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша - меншікті немесе шаруашылық жүргізу немесе сенімгерлік басқару құқығында, немесе ғылыми ұйымдармен және денсаулық сақтау ұйымдарымен келісім шарт негізінде жұмыс жасап отырған денсаулық сақтау саласында аккредиттелген клиникалық базалардың, білім беру ұйымдарының клиникасының болуы, медициналық мамандықтар бойынша</p> | <p>Пайдалы оқу алаңының, материалдық-техникалық болуы туралы мәліметтер біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан Шаруашылық жүргізу немесе басқару немесе сенімді құқығын растайтын құжат немесе ғимаратты жалдау көшірмелері. Денсаулық ұйымдарымен және ғылыми ұйымдардың келісім-шарт көшірмелері.</p> <p>Өрт қауіпсіздігі саласын сәйкестікті тексеру нәтижесі туралы келісім шарттың актінің көшірмесі, немесе қауіпсіздігін қамтамасыз адамдарды тағайындау туралы бұйрықтың көшірмелері, өрт қарсы қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтар, эвакуациялау жоспары, "өрт қауіпсіздігі қағидалары туралы" Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің 2022 жылғы 21 ақпандағы бұйрықтың (нормативтік актілерді мемлекеттік тізілімінде № 26867 болып тіркелген) (бұдан әрі - бұйрық) 1,2, 3 - қосымшаға сәйкес қажетті бастапқы сәндіру құралдарының ең</p> |

| | | |
|------------|---|--|
| | <p>іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары үшін жедел басқару құқығындағы аккредиттелген клиникалық базаларымен, клиникаларымен, университеттік ауруханаларымен, резидентура базаларымен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ медициналық білім беру ұйымының денсаулық сақтау саласындағы практикалық денсаулық сақтау ұйымдарымен және ғылыми ұйымдармен жасалған тиісті меморандумдармен және шарттармен расталған өңірдің денсаулық сақтаудың интеграцияланған академиялық орталықтың құрамында болуы.</p> <p>"Сәулет және құрылыс" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін мамандандырылған аудиториялардың (құрылыс материалдары және құрылыс физикасы бойынша; студиялық сабақтар үшін; гипс фигуралары, сәулет бөлшектері, мольберттер қоры бар макет шеберханасы және т.б.) және шығыс материалдары бар 3D принтерлермен жабдықталған зертханалардың болуы.</p> <p>"Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін дайындық бейініне сәйкес келетін полигонның және атыс тиірінің болуы.</p> <p>"Құқық" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін криминалистикалық полигон мен сот отырыстары залының болуы.</p> | <p>тізбесі.</p> |
| <p>10.</p> | <p>ЖЖОКББҰ ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін ғимараттарда жағдай жасауы (кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен немесе көтеру құрылғыларымен және баспалдақтар мен</p> | <p>Пайдалы оқу алаңы, материалдық техникалық базасының болуы, туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына сәйкес қосымшаға сәйкес нысан болуы)</p> |

| | | |
|-----|--|---|
| | <p>пандустарды тұтқалармен жабдықтау, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояу, мүгедектігі бар адамдардың автокөліктерін қою үшін орындар бөлу).</p> | |
| 11. | <p>Сымсыз технологияларды қоса алғанда, кең жолақты интернеттің қолжетімділігі, "Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 <u>бұйрығына</u> сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – 595 бұйрық) келетін компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы, кадрлар даярлау бағытының білім беру бағдарламасына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базамен, жабдықтармен жарақтандырылуы; "Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 <u>бұйрығымен</u> (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8369 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 570 бұйрық) бекітілген білім беру мониторингі шеңберіндегі әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің</p> | <p>Білім беру процесін математикалық техникалық қамтамасыз ету ішінде компьютерлердің, зертханаларының, оқу пәні кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының, білім басқарудың ақпараттық жүйесі туралы мәлімет (осы білім талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p> |

болуы және нақты деректердің Ұлттық білім беру дерекқорымен (бұдан әрі - ҰБДҚ) сәйкестігі, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін ҰБДҚ жекелеген нысандары бойынша.

Edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы. Медициналық бағыттар бойынша кадрлар даярлау үшін денсаулық сақтау саласындағы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес бекітілген № ҚР ДСМ-63 құзыретті меңгеру үшін жабдықталған симуляциялық кабинеттің (орталық) болуы. "Сәулет және құрылыс" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін ақпараттық модельдеу технологиясын іске асыратын мамандандырылған бағдарламалық кешендердің болуы.

12. "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2021 - 2022, 2022 - 2023, 2023 - 2024 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы"

Тиісті оқу жылына арналған төменгі шығындардың сәйкестігі туралы мәліметтер (осы мәліметтер біліктілік талаптарына сәйкес қосымшаға сәйкес нысан бойынша)

| | | |
|------------|--|--|
| | <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 253 қаулысымен бекітілген тиісті оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы құнының кемінде 30 %-ын құрайтын ақылы негізде бір білім алушыға білім беру ұйымдарының ең төменгі шығындарының сәйкестігі.</p> | |
| <p>13.</p> | <p>Оқытушыларға бес жылда кемінде бір рет негізгі қызметінен босатылып және көлемі 72 сағаттан кем емес біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету; білім беру ұйымдарының басшылары үшін бес жылда кемінде бір рет менеджмент саласында біліктілікті арттыру; "Денсаулық сақтау" кадрлар даярлау бағыты бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкес; "Сәулет және құрылыс" кадрлар даярлау бағыттары бойынша оқытылатын пәндер бойынша ғылыми-зерттеу, іздестіру, жобалау және өндірістік ұйымдарда бес жылда кемінде бір рет; "Өнер" кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытылатын пәндер бойынша білім беру, шығармашылық, ғылыми-зерттеу және басқа мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарда бес жылда кемінде бір рет.</p> | <p>Оқытылатын пәндердің бейнесіне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілігін арттыру туралы мәліметтер; білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (осы біліктілікті талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p> |
| <p>14.</p> | <p>Тиісті бейіндегі оқытушылармен және (немесе) кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар даярлық бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын мамандармен студенттердің дипломдық жұмыстарына (жобаларына) басшылықты жүзеге асыру.</p> | <p>Кадрларды даярлаудың сұрыпталу бағытының тиісті бейіні бойынша оқытушылардың және (немесе) кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар даярлық бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын мамандар туралы мәліметтер; біліктілік талаптарына сәйкес 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.</p> |
| <p>15.</p> | <p>Азаматтық заңнамаға сәйкес практика</p> | <p>Практика базалары туралы мәліметтер.</p> |

| | |
|---|--|
| <p>базалары туралы мәліметтер, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" кадрларды даярлау бағыты үшін - педагогикалық практика базалары бойынша мектепке дейінгі және/немесе бастауыш және/немесе негізгі және/немесе жалпы орта және/немесе техникалық және кәсіптік және/немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен шарттардың болуы.</p> <p>"Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау үшін - азаматтық заңнамаға сәйкес ғылыми-практикалық базалармен (клиникалық базалармен; денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникаларымен немесе университеттік ауруханамен) шарттардың және жетекші шетелдік медициналық білім беру ұйымдарымен стратегиялық әріптестік туралы меморандумдардың болуы.</p> <p>Медициналық мамандықтар бойынша іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары үшін клиникалық базаларда білім алушыларды даярлау кезеңінде білікті медицина қызметкерлері қатарынан тәлімгерлердің болуы.</p> <p>"Құқық" кадрларды даярлауды бағыты үшін - азаматтық заңнамаға сәйкес кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес әділет және (немесе) ішкі істер органдарымен (полициямен) және (немесе) прокуратурамен және (немесе) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен және (немесе) экономикалық тергеу қызметімен және (немесе) адвокаттар алқасымен және (немесе) нотариаттық палаталармен және (немесе) заң консультанттары палаталарымен шарттардың болуы.</p> | <p>мәліметтер, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" кадрларын даярлау бағыты мектепке дейінгі және/не бастауыш және/немесе не және/немесе жалпы орта және/немесе техникалық және/немесе орта кәсіптік және/немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен педагогикалық практика базалары бойынша шарттардың болуы. Бұл ретте "Денсаулық сақтау және элеуметтік қамсыздандыру (медицина)" кадрларын даярлау үшін - шетелдік жетекші медициналық білім беру ұйымдарымен стратегиялық әріптестік туралы шарттардың болуы. Кадрларды даярлау сұратылған бағытына сәйкес практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен практикадан өтуге және стратегиялық әріптестік шарттардың көшірмелері. Практикадан өту кезінде қолданыстағы шарттың болу мерзімін ұзарту туралы шарттардың қамтуы мүмкін.</p> |
| <p>16. "Педагогикалық ғылымдар" кадрларды даярлау бағыты үшін дуальді оқыту бойынша</p> | <p>Дуальды оқыту бойынша мектепке дейінгі тәрбие және оқыту</p> |

| | | |
|-----|---|---|
| | <p>мектепке дейінгі тәрбие және оқыту және/немесе бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, дуалді білім беру ұйымдарымен азаматтық заңнамаға сәйкес шарттардың болуы.</p> | <p>және/немесе бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен шарттардың көшірмелері</p> |
| 17. | <p>Кадрларды даярлау бағыты бойынша бакалавриат түлектерінің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер, бұл ретте кадрлар даярлау бағыты бойынша бітірушілердің жалпы санынан бітірген жылы жұмысқа орналасқандардың үлесі - кемінде 50 %, оның ішінде кемінде үш ай үздіксіз еңбек қызметімен қамтамасыз етілгені - 50 %; "Педагогикалық ғылымдар" кадрлар даярлау бағыты үшін - кемінде 60 %, "Құқық" кадрларын даярлау үшін - кемінде 60%, "Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау үшін - кемінде 80 %, оның ішінде кемінде үш ай үздіксіз еңбек қызметімен қамтамасыз етілу - 50 %.</p> <p>Бұл ретте Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қоспағанда жұмысқа орналасқан түлектердің саны екінші жоғары білім бағдарламалары бойынша, күндізгі оқу нысаны бойынша, резидентурада немесе магистратурада немесе докторантурада оқуын жалғастырған түлектерді қамтиды және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әскери қызметін атқарып жатқандар.</p> | <p>Жұмыс орнынан растайтын құжаттардың көшірмесі</p> |

| | | |
|-----|--|---|
| 18. | Жалпы мұқтаж білім алушылар санынан басқа қаладан келген білім алушылардың кемінде 70 %-ының тұруы үшін (жатақаналар/хостелдер/қонақ үйлер) жағдай жасау | Ұлттық білім беру дектері мәліметтерінің нақты дер сәйкестігі |
| 19. | ЖЖОКББҰ соңғы 2 жылда кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша білім алушыларды үздіксіз қабылдауды жүзеге асыруы. | |

| | | |
|--|--|--|
| | | |
| 20. | <p>Басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, мағынаны (парафраз) өзгертпей, сөздер мен сөйлемдерді синониммен ауыстыра отырып, бөтен материалдың бар-жоғын және мәтінді пайдалануды тексеруге арналған компьютерлік бағдарламаны пайдалану. № 595 бұйрыққа сәйкес бөтен материалды анықтау жүйесінде дипломдық жұмыстарын (жобаларды) сараптамасын Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығының базасында сақтау.</p> | <p>Басқа тілден аударылған пайдалануды қоса алғанда, мағынаны (парафраз) өзгертпей, сөздер мен сөйлемдерді синониммен ауыстыра отырып, бөтен материалдың бар-жоғын және мәтінді пайдалануды тексеруге арналған компьютерлік бағдарламаның болуын растау құжат.</p> |
| <p>2. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін</p> | | |
| <p>2.1. "Магистр" дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қамтамасыз асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін</p> | | |
| 21. | <p>Білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының № 2 бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігі. Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан</p> | <p>№ 2 бұйрықпен бекітілген және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген сұратылымдарды отырған кадрларды даярлау бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының қазақ ж</p> |

| | | |
|------------|---|---|
| | <p>Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін білім беру бағдарламасының № 2 бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігі.</p> | <p>тілдеріндегі көшірмелері</p> |
| <p>22.</p> | <p>Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарынан басқа, кадрларды даярлаудың және шетелдік консультанттарды тартудың тиісті бағыты бойынша әріптес ЖЖОКББҰ мәртебесі бойынша нормаларды көздейтін тиісті даярлау бағыттары бойынша білім беру ұйымдарымен немесе ғылыми немесе ғылыми-білім беру немесе ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің болуы.</p> | <p>Білім беру ұйымдарымен немесе ғылыми немесе ғылыми-білім беру немесе ғылыми-өндірістік орталықтармен кадрларды даярлаудың және шетелдік консультанттарды тартудың бағыты бойынша әріптес ЖЖОКББҰ мәртебесі бойынша нормаларды қарастыратын ынтымақтастық туралы келісімдердің көшірмелері. Практикада кезінде келісімнің жарамдылығы тиіс.</p> |
| <p>23.</p> | <p>Кемінде штаттағы төрт оқытушыда: - кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша "ғылым кандидаты" және (немесе) "ғылым докторы" және (немесе) "философия докторы (PhD)" және (немесе) бейіні бойынша "доктор ғылыми" дәрежесінің және (немесе) "философия докторы (PhD)" академиялық дәрежесінің болуы; - "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылыми дәрежесі ("ғылым кандидаты" және (немесе) "ғылым докторы")</p> | <p>Педагог және оқытушы кадрларды жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p> |

| | | |
|------------|--|---|
| | <p>және (немесе) "философия докторы (PhD)" және (немесе) бейіні бойынша "доктор" және (немесе) "философия докторы (PhD)" және (немесе) академиялық дәрежесі бар кемінде екі штаттық оқытушының болуы.</p> | |
| <p>24.</p> | <p>Оқытушылардың білім беру бағдарламасының пәндеріне сәйкес қамтамасыз етілуі, оқытушылар білімінің оқытылатын пәндердің бейініне және олардың ғылыми дәрежесіне және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағына сәйкестігі. Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы бар сұратылып отырған кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың үлесі және/немесе кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан "Еңбек сіңірген жаттықтырушы" спорттық атағы бар оқытушылар – кемінде 70 %; кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын "магистр" дәрежесі бар оқытушылардың үлесі – 30 %-дан артық емес; "Өнер және гуманитарлық ғылымдар" кадрлар даярлау бағыты бойынша: негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі, "философия докторы</p> | <p>Педагог және оқытушы кадрлар жасақталуы туралы мәліметтер біліктілік талаптарына сәйкес қосымшаға сәйкес нысан болып табылады.</p> |

(PhD) " немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD) " немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент) " немесе "профессор" ғылыми атағы бар оқытушылардың үлесі және/немесе кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан Қазақстан Республикасының құрметті атақтарымен және мемлекеттік наградаларымен марапатталған оқытушылар – 50 %-дан кем емес; кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын "магистр" дәрежесі бар оқытушылардың үлесі – 50 %-дан артық емес; "Денсаулық сақтау" кадрлар даярлау бағыты бойынша: кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD) " немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD) " немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD) " немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент) " немесе "профессор" ғылыми атағы бар оқытушылардың үлесі – кемінде 50 %; кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын "магистр" дәрежесі бар және/немесе резидентура бітірген, дәрігердің жоғары/бірінші біліктілік санатты және (немесе) клиникалық практикада кемінде 5 жыл тәжірибесі бар оқытушылардың үлесі – 50 %-дан артық емес;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін: оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы және/немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес кемінде 3 жыл педагогикалық өтілі бар оқытушылардың үлесі кемінде – 40 %;

25. ЖЖОКББҰ оқу корпустарының жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Медициналық қызмет көрсетуге лицензияның болуы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.

Медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес нысан болуы.

| | | |
|------------|--|--|
| <p>26.</p> | <p>ЖЖОКББҰ оқу корпустарында білім алушылардың тамақтануына жағдай жасау. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.</p> | <p>Санитариялық ережелерге тамақтандыру объектісін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламат саласындағы уәкілетті ортамақтану объектісіне қорытындысы болуы туралы мәліметтер (осы білікті талаптарына 4-қосымшаға нысан бойынша).</p> |
| <p>27.</p> | <p>Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін қажетті материалдық активтер: өрт-күзет жабдығы бар (ЖЖОКББҰ өрт қауіпсіздігі жабдығының жұмыс жасауын қамтамасыз ететін ұйымдармен келісім-шарттың болуы) мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік ұйымдардың қатысуымен білім беру ұйымдары үшін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі кемінде 5 % ғимараттар (оқу үй-жайлары); білім беру ұйымдарының жайларында және (немесе) іргелес аумақтарда бейнебақылауды қамтамасыз ету. Кодекстің 24-бабына сәйкес білім беру ұйымының орналасқан жері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға жіберілген эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны (оларды пайдалану) туралы хабарламаның болуы. "Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша медициналық мамандықтарды жүзеге асыратын медициналық білім беру бағдарламалары үшін - меншікті немесе</p> | <p>Пайдалы оқу алаңының, материалдық-техникалық болуы туралы мәліметтер біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан Шаруашылық жүргізу немесе басқару немесе сенімді құқығын растайтын құжат немесе ғимаратты жалдау көшірмелері. Денсаулық ұйымдарымен және ғылыми ұйымдардың келісім-шарттың көшірмелері. Өрт қауіпсіздігі саласын сәйкестікті тексеру нәтижесі туралы келісім шарттың актінің көшірмесі, немесе қауіпсіздігін қамтамасыз адамдарды тағайындау туралы бұйрықтың көшірмелері, қарсы қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтар, эвакуациялау жоспары, № бұйрықтың 1, 2, 3 - қосымшаларына сәйкес қажетті бастапқы өрт сөндіру</p> |

| | |
|---|--|
| <p>шаруашылық жүргізу немесе сенімгерлік басқару құқығында, немесе ғылыми ұйымдармен және денсаулық сақтау ұйымдарымен келісім шарт негізінде жұмыс жасап отырған денсаулық сақтау саласында аккредиттелген клиникалық базалардың, білім беру ұйымдарының клиникасының болуы, медициналық мамандықтар бойынша іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары үшін жедел басқару құқығындағы аккредиттелген клиникалық базаларымен, клиникаларымен, университеттік ауруханаларымен, резидентура базаларымен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ медициналық білім беру ұйымының денсаулық сақтау саласындағы практикалық денсаулық сақтау ұйымдарымен және ғылыми ұйымдармен жасалған тиісті меморандумдармен және шарттармен расталған өңірдің денсаулық сақтаудың интеграцияланған академиялық орталықтың құрамында болуы.</p> | <p>құралдарының ең аз тізбе</p> |
| <p>28. Сымсыз технологияларды қоса алғанда, кең жолақты интернеттің қолжетімділігі, № 595 бұйрыққа сәйкес келетін кітапханамен және компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы кадрлар даярлау бағытының білім беру бағдарламасына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті жабдықтармен, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базамен жарақтандырылуы. № 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберіндегі әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы. және нақты деректердің ҰБДҚ-мен</p> | <p>Білім беру процесінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, оның компьютерлердің, оқу-зертханаларының, оқу пәна кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының, білім басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы туралы мәліметтер біліктілік талаптарына сәйкес қосымшаға сәйкес нысан</p> |

| | | |
|-----|---|--|
| | <p>сәйкестігі, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін ҰБДҚ жекелеген нысандары бойынша.</p> <p>Edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы.</p> | |
| 29. | <p>Білім беру ұйымының ұйымдармен және кәсіпорындармен азаматтық заңнамаға сәйкес жасалған шарттарға сәйкес қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен қамтамасыз етуі.</p> | <p>Техникалық ерекшелікті және жұмыстардың күнтізбелік қоса бере отырып, ғылыми және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге арналған ұйымдармен және кәсіпорындармен жасалған шарттардың көші-нұсқасын Оқу кезінде жарамды шарттар болуы.</p> |
| 30. | <p>Сұратылған бағыттың бейініне сәйкес келетін "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, білім және</p> | <p>Жұмыс өтілін, ғылыми жарияланымдарын көрсететін кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылыми жетекшілік жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарға қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p> |

ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded (Сайнс Цитэйшн Индекс Экспандед), Social Science Citation Index (Сошиал Сайнс Цитэйшн Индекс) или Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюмэнитис Цитэйшн Индекс) в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушының ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін магистранттарда "ғылым докторы" немесе "ғылым кандидаты" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі бар оқытушының немесе әскери (арнайы атағы, сыныптық шені) атағы полковниктен төмен емес, оның ішінде кемінде 3 жыл педагогикалық өтілі бар отставкадағы полковниктен төмен емес оқытушылардың

| | | |
|-----|--|--|
| | <p>немесе судья немесе отставкадағы судья немесе негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, кадрларды даярлау бағыты бойынша кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, даярлау бейіні бойынша отандық басылымдарда, халықаралық конференциялардың еңбектерінде ғылыми жарияланымдардың авторы болып табылатын ғылым саласына сәйкес келетін білікті маманның ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы.</p> <p>"Қызмет көрсету саласы", "Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар", "Журналистика және ақпарат" кадрларды даярлау бағыттары үшін тиісті бейіндегі оқытушылардың соңғы 10 жылда 5 жыл практикалық жұмыс өтілі бар мамандардың білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына (жобаларына) басшылықты жүзеге асыруы.</p> | |
